

# AQTOĞAI AJARY

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым


№ 46 (7935)

Жұма  
10 қараша  
2023 жыл

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығады

@ aktogai\_red@mail.ru

f www.facebook.com/a.ajary.kz



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы қазіргі қоғамда бәсекелестікті дамыта отырып, бір-біріне мүмкіндік беру айрықша маңызға ие екендігін атап өтті. Әрине, бәсекелестік бар жерде өнімнің сапасы артып, дамушылық ілгерілейтіні сөзсіз. Өділетті Қазақстан құру жолында ең

## Кешенді жоспар жүзеге асуда

алдымен өркениеті дамыған қоғам құру маңызды. Халықтың әл-ауқатын арттыру мақсатында жолданған бұл Жолдаудың ерекшелігі басым. Ата Заңда жер мен табиғи байлық бұқара халыққа тиесілі екені жазылған. Яғни, еліміздің әрбір отбасы ұлттық байлықтың қандай да бір мөлшерін пайдалануына болады.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында қоғамдағы түйткілді мәселелерді айта отыра оны шешудің айрықша жолын көрсетті. Мемлекеттің байлығы ол – адам. Ал, адам толыққанды өмір сүру үшін әрқашанда қолайлы орта қажет. Қолайлы ортаны құруда халыққа барынша жағдай жасау маңызды. Инновацияның жетіспеушілігінен Ұлттық табысты барлық халық көре алмайтындығын айтып, инновацияның дамуына баса назар аудару керектігін ескерді. «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара» білген, ауызбірлігі жарасқан елміз. Еліміздің көркейіп, экономикасының дамуына, сапалы білім беруге әрқайсымыз өз үлесімізді қосамыз.

Президенттің айтуынша, халықтың әлеуметтік тұрмысын жақсарту үшін кешенді жоспар жүзеге асып жатыр.

«Осы орайда халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер еткен кейбір шараларды атап өткім келеді. Мысалы,

2020 жылдан бері мұғалімдердің жалақысы екі есе өсті. Дәрігерлердің айлығы да айтарлықтай көбейді. Қазір олардың табысы еліміздегі орташа жалақыдан әлдеқайда жоғары. Жұртқа зейнетақы жинағының бір бөлігін пайдалану мүмкіндігі берілді.

Миллионға жуық адам осы жобаның игілігін көрді – тұрғын үй мәселесін шешіп, баспаналы болды. «Жайлы мектеп» жобасы аясында 400-ге жуық мектеп салынады. Қазір ауылдық жерде 300-ден астам денсаулық сақтау нысаны салынып жатыр. «Ұлттық қор – балаларға» жобасы қолға алынды.

Соның арқасында жаңа жылдан бастап балалардың есепшотына қаражат түсе бастайды. Игерілмей жатқан немесе заңсыз берілген 8 миллион гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды. Мен нақты іске асқан шаралардың бір бөлігін ғана атап өттім. Шын мәнінде, көп жұмыс атқарылды, болашақта да өз жалғасын табады», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президентіміз ел мүддесін жоғары қойып отыр. Жолдауда ауыл тұрғындарының тұрмыс-тіршілігін, әл-ауқатын жақсартуға бағытталған бірқатар бас-тамалардың бар болғаны, денсаулық сақтау және білім беру саласында мүмкіндіктер туғызғаны көңіл қуантарлық. Балаларды балабақшамен қамтамасыз ету, тәрбиешілердің жалақысын көтеру, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасының қолға алынғаны, әлеуметтік тұрғыдан әлсіз саналатын топтағы балаларға мектеп формасын бюджет есебінен беру – құптарлық жайт.

Жаңа Қазақстан құруда бірлесе жұмыс атқарып, дамыған Қазақстан көрінісін көрсетуге барлығыңызды шақырамын.

М.Медиева,

«Айгөлек» бөбекжайының тәрбиеші, педагог-модераторы, Сарышаған кенті.

### Құрметті ақтоғайлықтар және қаржы саласының қызметкерлері!

Сіздерді, Ұлттық валюта – төл теңгеміздің 30 жылдығымен және Қазақстан Республикасының қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

15 қараша – барша Қазақстан үшін ерекше маңызға ие тарихи күн. Бұл күні еліміздің экономикалық дербестігінің символы болып табылатын ұлттық валюта айналымға енгізілді.

Сондай-ақ, бұл күні қаржы жүйесінің қызметкерлері өздерінің кәсіби мерекелерін атап өтеді. Олардың алдында күн сайын бюджет шығыстарының тиімділігін арттыру, әртүрлі деңгейдегі бюджеттердің кіріс бөлігін ұлғайту, тапшылықты қысқарту сынды күрделі міндеттер тұр.

Қаржы органдары экономикалық жүйені нығайту мен дамытуда маңызды роль атқарады. Бұл өз кезегінде қоғамдағы саяси және әлеуметтік тұрақтылықтың кепілі болып табылады. Қаржыгер мамандығы адамнан үлкен жауапкершілік пен тәуекелдерді бағалай білуді талап етеді.

Сіздердің тәжірибелеріңіз бен кәсіби шеберліктеріңіздің арқасында қаржы жүйесі алдағы уақытта да біздің облысымыздың дамуы мен тұрғындарымыздың әл-ауқатының артуына ықпал ететініне сенімдіміз.

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, барлығыңызға зор денсаулық, отбасылық бақыт және амандық, қызметтеріңізге табыс тілейміз!

Ақтоғай ауданының  
әкімі  
Р.Кенжебеков

Аудандық мәслихат  
төрағасы  
Р.Әбеуов

## Аудан әкімі тағайындалды

7 қараша күні облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын Ақтоғай ауданында жұмыс сапармен болып, аудан әкімі аппаратымен кездесіп, өңірдің жана әкімін таныстырды. Бұл міндет Кенжебеков Руслан Айтыкенұлына жүктелді.

Баршаңызға мәлім биыл 5 қарашада республика бойынша аудан және облыстық маңызы бар қалалардың әкімдері сайланды. Мұндай талап-міндет өркениетке, демократиялы қоғамға қол созған реформалардың жемісі. Елімізде 3 қала мен 42 ауданда

пилоттық режимде қолға алынған саяси додада Қарағанды облысының Ақтоғай ауданы да болды. Президент реформасынан бастау алған бұл сайлау барысында аудан халқы өз әкімін таңдады. Күні кеше Қарағанды облыстық сайлау комиссиясының қорытындысы бойынша Руслан Кенжебеков басым дауыспен жеңіске жетті.

Руслан Айтыкенұлы Кенжебеков 1978 жылы Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылында дүниеге келген. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін, «Болашақ» Қарағанды университеті және ҚР Жоғарғы Соты Жанындағы Сот төрелігі академиясын бітірген. Еңбек жолын 2000 жылы Астана қаласында Л.Гумилев атындағы

Еуразия университетінің қылмыстық құқық және процесс кафедрасының оқытушысы болып бастаған. Өр жылдары Қарағанды облысының Әділет департаментінде, Қарағанды қаласы бәсекелестікті қорғау агенттігінің Қарағанды облысы бойынша монополияға қарсы инспекциясында, Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінде жұмыс істеген. 2023 жылдың қаңтар айынан бастап бүгінгі күнге дейін Ақтоғай ауданының әкімі қызметін атқарды.

Өз тілшімізден.

## «AQTOĞAI AJARY»

Құрметті оқырман!

Аудандық «Ақтоғай ажары» газетіне 2024 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке «Қазпошта» аудандық, ауылдық бөлімшелері арқылы жазылуға болады.

Жеке жазылушылар үшін индексі – 65031,

1 жылға – 4914,60 теңге.

6 айға – 2457,30 теңге.

Мекеме, ұжымдар үшін индексі – 15031,

1 жылға – 5914,56 теңге.

6 айға – 2957,28 теңге.

Аудан өмірінің айнасы, төл газетіңізбен алдағы уақыттарда да бірге болыңыз, ағайын!

Біздің мекен-жайымыз: Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, 1 А.

Анықтама телефондары: 2-18-81, 2-15-39. E-mail: aktogai\_red@mail.ru

## Хабарлама

Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының аудан әкімін тіркеу туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес, 2023 жылғы 5 қарашада өткен Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы әкімі сайлауының қорытындылары туралы учаскелік сайлау комиссиялары, аудандық сайлау комиссиясының хаттамаларының негізінде Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы Кенжебеков Руслан Айтықенұлы 1978 жылы туған, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылының тұрғыны, сайлауға дейін Ақтоғай ауданының әкімі қызметін атқарған, 2023 жылы 5 қарашада өткен сайлау қорытындысы бойынша Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының әкімі лауазымына тіркеді.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

*\*Рухани жаңғыру*

## Әкім бол, халқыңа жақын бол

Ағымдағы жылдың 5 қарашасында еліміздің 17 облысының 45 аудан мен облыстық маңызы бар қалаларының әкімдерін пилоттық режимде сайлауы өтті.

Ақтоғай ауданы әкімінің тікелей сайлауы халықтың билікке деген сенімін арттыруға бастау болды. Халықтың қалауымен жаңадан сайланған Ақтоғай ауданының әкімі Кенжебеков Руслан Айтықенұлы – елінің елеулі ұлының табысты болуының шынайы көрсеткіші, еліміздегі жастардың жетістіктер баспалдағымен қарқынды өркендеуінің нақты қадамы.

Салтанатты жағдайда барлық сайлау учаскелерінде Әнұранды орындаумен сайлау комиссияларының мүшелері жұмысқа кірісті. Бұл – ауданның беделді және құрметті адамдары. Мұндай қоғамдық жұмыста сауаттылық пен жауапкершілік, саяси кемелдену және ұстанымдылық аса қажет.

Бұл пилоттық режимдегі сайлау компаниясының айрықша маңыздылығы – біз барлығымыз Қазақстанның саяси жүйесін нақты жаңғыртуды жалғастыруға қатысамыз. Сайлауға "Аманат" партиясының,

"Ауыл" партиясының, "Республика" партиясының бақылаушылары қатысты.

Сайлау науқаны штаттық режимде өтті. Бүгінгі күні біз ҚР Президентінің өңірлердегі өкілдеріне дауыс бере отырып, баршамыз бірге сайлау үдерісінің ғана емес, елдің тікелей дамуына да зор үлесімізді қостық. Бұл азаматтардың өздерінің конституциялық құқықтарын толыққанды іске асырудағы белсенділігін арттыруға, халықтың билікке деген сенімін және әкімнің халық алдында есеп беруін күшейтуге, әкімнің халықтың қажеттіліктері мен мәселелеріне ден қою жеделдігін арттыруға, "Халық үніне құлақ асатын мемлекет" тұжырымдамасын толық көлемде іске асыруға мүмкіндік берді.

Мен шын жүректен, ең алдымен, Ақтоғай ауданының жаңадан сайланған әкімі Кенжебеков Руслан Айтықенұлына және де Қарағанды облысындағы барлық жерлестеріме сүйікті Отанымыз – Қазақстанды өркендету жолында толағай табыс тілеймін.

А.Түкбаева.

ТМД және Қазақстан елдерінің білім беру үздігі.

## Ақпараттық хабарлама

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихаттар депутаттығына, аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ әкімдігіне үміткерлер назарына!

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихаттар депутаттығына, аудандық маңызы бар қала, кенттер, ауылдық округ әкімдерінің кезекті сайлауына қатысатын үміткерлерге «АҚТОҒАЙ АЖАРЫ» газетінің бетінде баспасөзден орын беру төлемінің мөлшері, шарттары жайлы ақпарат.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 28-бабының 3-тармағына және «Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихат депутаттарының, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округ әкімдерінің кезекті сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 21 қазандағы №439 Жарлығына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары сайлау комиссияларының ақпараттық материалдарын орналастыру үшін және тіркелген кандидаттарға және партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға сайлауалды бағдарламаларын, өмірбаянын жариялау үшін шарттық негізде баспа алаңын ұсынады. «АҚТОҒАЙ АЖАРЫ» газетінде баспа алаңының 1 шаршы сантиметр құны 250 теңгені құрайтынын хабарлайды.

Газет алаңында материалдар беру үміткерлер газет редакциясымен жасалынған жазбаша шарттың негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және мәслихаттар депутаттығына, аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ әкімдігіне үміткерлер сайлау алдындағы үгітті қамтитын материалдарда қаржыландыру көзі туралы ақпарат көрсетілуі тиіс екенін ескертеміз.

«АҚТОҒАЙ АЖАРЫ» Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы.

## Ақпарат

2023 жылдың 26 қарашада өтетін Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Жидебай ауылдық округінің әкіміне үміткерлердің 2023 жылдың 5 қараша сағат 18.00-ге дейін тіркеу қорытындысы туралы

№	Аты, әкесінің аты, тегі	Туған жылы	Жұмыс орны және тұрғылықты жері	Кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну тәртібімен
1	Смагулов Нұрбол Нұрбекұлы	1980	Кадр бөлімінің басшысы	Өзін-өзі ұсынған
2	Омарбеков Данияр Төлегенұлы	1983	Мемлекеттік қызмет көрсетуді бақылау бөлімінің басшысы	Өзін-өзі ұсынған
3	Бейсенбаев Абзал Жаканович	1978	Отставкадағы полиция подполковнигі	«АМАНАТ» партиясы ҚБ

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

## Жемқорлыққа жол бермеу ардың ісі

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес еліміздің стратегиялық дамуының негізгі басымдықтарының бірі екенін атап айтты. Осыған байланысты,

Ақтоғай ауданы әкімдігімен, «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы» аясында, аудан әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия құрылған болатын.

Сондай-ақ, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының ұйытқы болуымен дін және қоғам дертіне қарсы түсіндірме, насихат жұмыстары ұдайы жүргізіліп тұрады.

Таяуда Абай ауылдық округінде дін және сыбайлас жемқорлық бойынша ақпараттық үгіт жұмыстары жүргізіліп, таратпа қағаздар таратылды. Ауылдық округ аумағында сыбайлас жемқорлыққа қарсы банерлер орнатылды.

– Жемқорлық – мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының

мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ, – дейді Абай ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Ержан Төлеуұлы.



Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін өрбі азамат мемлекеттің ішіндегі төртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

Д.Бақышев,  
Абай ауылы.

# 15 қараша – Ұлттық валюта күні

Елдің әлеуетін арттырып, экономикасын дамыту жолында әрбір маманның еңбегі ескеріледі. Кез-келген жұмыс, әр мамандықтың абыройлы болуы адамзаттың өз жұмысына қаншалықты жауапкершілікпен, ынта-жігерімен қарауына тікелей байланысты. Қазақ халқының «мамандықтың бәрі жақсы, ең бастысы – оны игере біл, игілікке пайдалануға жол аш» деуі де сондықтан. Тәуелсіз ел атанғанына

арнады. Институт бітіргеннен кейін 2002 жылға шейін Ақтоғай аудандық тұтыну қоғамында есепші болып еңбек етті. Мұнан соң бір жылға таяу аудан әкімдігінде есепші болса, 2003 жылдан бастап Ақтоғай аудандық қазынашылық басқармасында қызметін абыроймен атқарып, жалпы алғанда, 30 жыл бойы осы мекемеде мінсіз, жоғары жауапкершілікпен қызмет атқарып келеді.

жұмыс істеуде. Қызымнан немере сүйіп отырмын. Зейнетке шығуыма да аз уақыт қалды. Ең бастысы, адам өзінің мамандығын жақсы көру керек. Біздің мамандық тиянақтылық пен жауапкершілікті, адалдықты талап етеді. Ал бюджет қаражатын тиімді мақсатта жұмсау – негізгі міндетіміз, – дейді А.Садыққызы.

Білікті маман, қамқор ана, аяулы әже. Осының бәрі Алия апайдың бойынан

біз департаменттегі және аудандық қазынашылық басқармаларының адал, еңбекқор, білікті қызметкерлерінің арқасында ғана жүзеге асыра аламыз. Барлық қазынашылық саласының ардагерлері мен қызметкерлерін Ұлттық валютамыздың 30 жылдық мерей тойымен шын жүректен құттықтаймын. Барлығыңызға денсаулық, еңбекте табыс, жеңістер мен сәттіліктер тілеймін, – дейді қаржыгер.

## Қаржы саласының майталманы

небәрі 30 жыл болған Қазақстанның алпауыт мемлекеттермен қатар тұруы үшін қаржы саласының орны бөлек. Көпшілік үшін қиын мамандық саналатын қаржыгерлердің ең негізгі міндеттерінің бірі – мемлекеттің ақшасын дер кезінде тиімді жоспарлап, мақсатты пайдаланып, игеріп, ел экономикасының ілгерілеуіне күш салу. Ұлттық валюта күні – қаржыгерлердің де мерекесі болып есептеледі. Осындай айтулы дата қарсаңында біз өзінің өмірін қаржы саласымен байланыстырған майталмандармен тілдесеміз. Бүгін біз мақаламызға Ақтоғай аудандық қазынашылық басқармасының бас маманы Алия Каппарованы арқау еттік. Ол, 30 жылдан аса осы қаржы саласында қызмет еткен, өз ісінің білікті де білімді маманы.

Алия Садыққызы 1963 жылы Орал облысы, Шыңғырлау ауданында қарапайым отбасында дүниеге келген. Орал қаласындағы қаржы-экономикалық техникумын тәмамдаған. Алғаш еңбек өтілін туған ауылында еңбекшілер кооперативінде бухгалтер болып бастайды. Арман қуып, білімін жетілдіру мақсатында Қарағанды қаласындағы кооперативтік институтқа (КЭУ) оқуға түседі. Институтта жақсы оқыды, қоғамдық жұмыстарға да белсенді араласатын.

Алия өмірлік серігі Оразбен институтта оқып жүргенде, яғни 1986 жылы тілекті де, жүректі де бір арнада тоғыстырып, Ақтоғай ауылына келін болып түсті. Мамандығына адалдық танытқан кейіпкеріміз оқуын тәмамдаған соң басқа салаға барған жоқ. Бар саналы ғұмырын өзі оқыған қаржы саласына



Суретте: Алия Каппарова әріптестерінің ортасында

– Ақша қаражаттарын тиімді жұмсауды және оның сақталуын қамтамасыз ететін қаржылық орган бюджет жүйесінің бір буыны ретінде мемлекеттік қаржыны басқару жүйесінен лайықты орын ала отырып, бүгінге дейін орасан зор қалыптасу және даму жолынан өтті. Бүгінде қазынашылықтың ақпараттық жүйесі халықаралық сарапшылардың жоғары бағасына ие. Негізі, отбасымызда нағашы аға-әпкелерім қаржы саласының мамандары болғандықтан «Қыз баласына есеп-қисапты білген дұрыс. Ертеңгі күні жұмыс та табылады, отбасын құрған кезде де қиындық тұдырмайды», – деп маған осы оқуға түсуіме кеңес берді. Жүрек қалауымен тандаған мамандықтан қателеспедім. Қызым Елнара да ана жолын қуамын деп экономист мамандығы бойынша білім алып, бүгінде осы өзім жұмыс жасайтын қазынашылық басқармасында

табылып жатыр. Отағасы Ораз екеуі тату болды, бір-біріне сүйкімді де лайық болды. Әдемі де мәнді өмір сүрді. Сондықтан да олардың отбасы махаббат пен тату-тәттілік, береке-бірлік орын тепкен жылы ұяға айналды. Алия әйеланаға тән қазақи әдет-ғұрыптарын өмір бойы ұстай алған, көпке ақылшы, қамқоршы отана атанды. Өмірін адалдыққа суарып, абыройлы ғұмыр кешті. Айналасына шапағатын шашты. Жайған жапырақтары – балалары да немерелері тәрбиелі болып өсті.

Сондай-ақ, кейіпкеріміз қаржы саласындағы барша әріптестерін кәсіби мерекелерімен құттықтауды да ұмытпады.

– Бүгінгі күні елімізде қазынашылық жүйесі Президентіміздің мемлекет қаржысын тиімді басқару туралы тапсырмасына сәйкес қарқынды қызмет жасауда. Алға қойылған міндеттерді

Расымен де, «Есебі түзудің есесі түгел». Бухгалтерлік мамандық үлкен тиянақтылықты талап ететіні сөзсіз. «Жақсы жұмыс – жанға тыныс» демекші, мен өз саласының қыр-сырын жетік меңгерген ол қызметін мінсіз атқаруға бар күш-жігерін салып келеді. Еңбегі бағаланып, екі мәрте ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Құрмет грамотасымен, 2023 жылы ҚР қаржы министрлігі, Қаржы комитетінің, аудан әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Қаржы саласының дамуына жастық жалын, жігерін, саналы ғұмырын арнаған Алия апайдың өнегелі жолы кейінгі ізбасарларына үлгі. Кәсіби деңгейінің шыңына жеткен құрметті қаржыгерге біз де бар жақсылықты тілейміз.

Думан ҚАБЫЛ.

## Тұғыры биік төл теңге

15 қарашада Қазақстан Ұлттық валютасы – теңгенің айналымға енгізілгеніне отыз жыл толады. Бұл егеменді мемлекет құру жолындағы маңызды қадам болды. Дәл сол күні біздің елімізде қаржыгерлердің кәсіби мерекесі атап өтіледі.

Барлық уақытта валюта және меншікті банктік-қаржылық жүйе тәуелсіздіктің маңызды атрибуттары болды. Теңгені енгізу өте күрделі операция болды, оған дайындық 1991 жылы басталды. 1993 жыл Қазақстан экономикасы тарихындағы ең ауыр жылдардың бірі болды. ҚСРО ыдырағаннан кейін Кеңес рублі тез күнсыздана бастады. Өнімдер мен тауарлардың бағасы ондаған есе өсті. Бұрынғы Кеңес республикаларында қолма-қол ақша жетіспеді. Бұл жағдай гиперинфляция мен адамдардың өмір сүру деңгейінің төмендеуіне әкелді.

Алғашқы қазақстандық банкноттардың дизайнерлерінің алдында күрделі міндет тұрды: бір жағынан, Қазақстанның ұлттық бірегейлігін көрсететін эстетикалық және әдемі купюралар жасау, екінші жағынан, олар полиграфия және әртүрлі қорғаныс дәрежелерінің болуы тұрғысынан тиімді болуы тиіс еді.

1993 жылы Алматы қаласында Банкнот фабрикасының құрылысы басталды. Фабрика «Гидромаш» зауытының базасында ашылды, ал, жабдықты британдық «De La Rue» компаниясы жеткізді.

Алғашқы банкноттарды Англияда «Harrison&Sons» фирмасы басып шығарды, ол Қазақстаннан осы тиімді және қызықты тапсырысты алды, нәтижесінде Ұлыбритания патшайымының Алтын белгісімен марапатталды.

Қазақстандық ақша – планетадағы ең әдемі ақшалардың бірі. Қазақстандық банкноттардың естелік тираждары халықаралық банкноттар қоғамдастығының (IBNS) болжамы бойынша бірнеше рет әлемдегі ең әдемі деп танылды.

Теңге үш рет әлемдегі ең үздік валюта деп танылған. Республика Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай шығарылған 10000 теңгелік купюра – 2011 жылы шығарылған ең үздік жаңа банкнот, 5 000 теңгелік купюра – 2012 жылғы ең үздік жаңа банкнот, Түркі жазуына арналған 1 000 теңгелік «КҮЛТЕГІН» купюрасы 2013 жылдың үздік банкноты ретінде танылды. «20 000 теңге номиналды банкнот та 2016 жылы «High Security Printing Europe» конференциясында марапатқа ие болды.

Қазақстан теңге сарайы 1992 жылы Өскемен қаласындағы Үлбі металлургия зауытының базасында құрылды. Алғашқы қазақстандық ескерткіш монета 1995 жылы Абайдың туғанына 150 жыл толуына орай шығарылды. Ол Австрия монета сарайында соғылды. Айналымдағы монеталардың алғашқы өнеркәсіптік

партиясы Қазақстанның теңге сарайында 1998 жылы қарашада шығарылды. Кәсіпорын ұлттық банкінің түсті металдардан, алтыннан және күмістен ұлттық монеталарын шығаруға тапсырыстарын орындайды.

Қазіргі уақытта қазақстандық теңге сарайы естелік және мерейтойлық монеталарды асқан шеберлікпен орындауына қол жеткізді. Айдында шағылысу дәрежесі бойынша қазақстандық монеталар әлемдегі ең үздіктердің бірі болып танылады. Жалпы алғанда, теңге сарайының өнімдері Польша, Австрия, Канада және Австралиямен қатар әлемдегі алғашқы бестікке кіреді. 2017 жылы бойтұмар салуға болатын үш қырлы қаптамасы түрінде орындалған күміс монета шықты. 2013 жылы «Республика қазынасы» сериясында «Алма отаны» монетасы шығарылды. 2009 жылы нағыз гауһар тастан салынған көзді алтын жолбарысы бар монета өзге елдеріндегі 50 монета сарайы директорларының дауыс беруі бойынша жүлде алды.

Қазақстан – ғарыш өнеркәсібінде белсенді қолданылатын құнды металл – танталдан монета шығарған әлемдегі жалғыз ел. Танталдан жасалған монеталар сериясы ғарышқа арналған. Үлбі комбинатында танталға түрлі түс берудің ерекше технологиясын игерді. Ғарыштық монеталар сериясы көптеген халықаралық марапаттауға ие болды.

Материал ғаламттордан алынды.

Ақтоғай ауданы, Жидебай ауылдық округі әкіміне үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары

Ақтоғай ауданы, Жидебай ауылдық округі әкіміне үміткер Бейсенбаев Абзал Жақанұлының сайлауалды бағдарламасы

Мен, Бейсенбаев Абзал Жақанұлы 1978 жылы 5 сәуірде Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шабанбай би ауылында дүниеге келдім.

Білімім жоғары. Отбасылымын. Төрт қыз, бір ұлым бар.

1994 жылы Ақтоғай ауданы Шабанбай би ауылының Ә.Ермеков атындағы орта мектепті бітіріп, 1999 жылы Қарағанды Экономикалық университетінің бухгалтерлік есеп және аудит мамандығы бойынша аяқтадым. 2006 жылы Қарағанды қаласы «Фемида» Заң академиясының заңгер мамандығын тәмамдадым. 1999-2000 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитеті әскери институтында әскери қатарында болдым.

2002-2005 жылдары Қарағанды облысы ПД Ақтоғай ауданының ІІБ-нің қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесі учаскелік инспекторы болып жұмыс істедім. 2005-2009 жылдары Ақтоғай аудандық ІІБ-нің аға анықтаушысы болып қызмет атқардым. 2009-2011 жылдары Ақтоғай ауданының ІІБ Сарышаған кентінің ІІБ бастығы қызметін атқардым. 2011-2021 жылдары Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасының доценті лауазымын атқардым. Полиция подполковнигімін.

**Құрметті сайлаушылар!**

Ауыл халқы мен ауыл мәселелерімен жақын танысып. Ауыл әкімінің лауазымына өткен жағдайда, осы кезеңге дейінгі алған білімімді және өмірден жинақтаған іс-тәжірибемді округ тұрғындарының әл-ауқатын, тұрмыс-тіршілігін жақсарту үшін және шаруашылық құрылымдарының экономикалық нығаюына жұмсаймын.

Менің сайлауалды бағдарламамның негізін келесі бағыттар құрайды:

Қоғамның басты байлығы – адам, оның өмірі мен қауіпсіздігі, сондықтан өзімнің округімнің сайлаушыларының мұң-мұқтажы мен талап-тілектеріне көңіл бөліп, Қазақстан Республикасының заңнамалары аясында қолдау көрсетемін;



Ауыл тұрғындарының өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға барынша қолдау көрсетемін. Яғни, ауыл шаруашылығы саласына мемлекет тарапынан бөлінетін қаржылай көмекті және қаржы-несие қорлары арқылы көрсетілетін жеңілдіктерді қолжетімді етуге күш саламын;

Шаруа қожалықтары мен жеке қосалқы шаруашылықтағы мал санының көбеюіне және сапалы ветеринарлық ахуалдың қалыптасуына барынша жағдай жасаймын;

Ауыл бюджетінің кіріс бөлігінің ұлғаюына үлес қосып, оның ауыл тұрғындарының игілігі үшін мақсатты және тиімді түрде жұмсалыуына ықпал етемін;

Білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт саласындағы мәселелерді шешуге қол жеткізіп, мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға жәрдемдесемін;

Ауылдардағы әлеуметтік нысандардың толыққанды жұмыс жасап, халыққа сапалы қызмет көрсетуіне ықпал етемін;

Сауле ауылында ауылдық клуб үйінің күрделі жөнделуіне ықпал етемін;

Зейнеткерлер, көп балалы отбасылар, әйелдер мен жастардың әлеуметтік қорғау мәселелерін шешуге көмек көрсетемін;

Жастар тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, ауылымызға жас кәсіби мамандарды тартып, оларға жан-жақты көмек көрсетемін;

Ауылға қосымша трансформатор орнатып, беріліп тұрған тоқ көзінің дұрыс деңгейде берілуін қамтамасыз етуді ұйымдастырамын;

Су жүйесінің қалыпты жұмыс істеуін басты назарда ұстаймын;

Қыс мезгілінде Қарақой ауылы бағытына шығатын жолды күреуді жүйелі түрде ұйымдастырамын;

Жидебай ауылдық округіне қарасты ауылдардың ішкі жолдарын орташа жөндеуден өткізуге ықпал етемін;

Санитарлық тазалықты қамтамасыз етуге, абаттандыру және көгалдандыру, көшелерді жарықтандыру жұмыстарын жалғастыруға ықпал етемін;

Құрметті жерлестер!

Менің іс-әрекеттерім тек осы бағдарламамен шектелмей, сіздердің ұсыныстарыңыз бен талап-тілектеріңізді ескере отырып, заңды құқықтарыңыз бен мүдделеріңізді қорғауға арналатынына сендіремін.

Ауылымыздың бүгінгі мен ертеңі әрбіріміздің қолымызда. Ауылымыздың көркейіп, дамуы жолында бар күш-жігерімді жұмсап, аянбай қызмет етемін.

Сіздерді дұрыс таңдау жасауға және алдағы сайлауда менің кандидатурамды қолдауға шақырамын

(Материалдың жариялану ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді).

Ақтоғай ауданы, Жидебай ауылдық округі әкіміне үміткер Омарбеков Данияр Төлегенұлының сайлауалды бағдарламасы

Омарбеков Данияр Төлегенұлы 5.07.1983 жылы Ақтоғай ауылында дүниеге келген. Ұлты қазақ. Білімі жоғары.

2005 жылы Д.Қонаев атындағы университетінің «Экономика», «Қаржы және несие» бакалавры мамандығы бойынша тәмамдаған.

2006 жылы №70417 әскери бөлімінде әскери міндетін өтеген, сержант.

Еңбек жолын 2008 жылы Ақтоғай ауданының №2 халыққа қызмет көрсету орталығында инспектор болып бастаған.

2008 жылы Ақтоғай ауданының Салық басқармасында жетекші маман, 2009 жылы Ақтоғай ауданының қаржы бөлімінде бас маман, 2009 жылы Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік



бағдарламалар бөлімінде бас маман, 2015 жылы Ақтоғай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің әлеуметтік төлемдерді төлеу және құжаттармен қамтамасыз ету және кадрлық жұмыстар секторының меңгерушісі болып қызметтер атқарған.

2016 жылы бастап Ақтоғай ауданының әкімі аппаратында кадр қызметі бөлімінің басшысы, 2017 жылы «Ақтоғай ауданының әкімі аппаратының Мемлекеттік қызмет көрсетуді бақылау бөлімінің басшысы, 2021 жылы Ақтоғай ауданы әкімдігінің жанындағы Мемлекеттік қызмет көрсетуді бақылау жөніндегі бас инспекторы болып қызмет жасайды. Отбасылы.

**Құрметті сайлаушылар!**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы өзінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Болашақ жастардың қолында. Мемлекетті, жергілікті атқарушы органдарда тәжірибелі жастарды басқару ісіне тарту керек» – деген еді. Осыған байланысты елімізде мемлекеттік қызмет бойынша жастар кадрлық резерві жүзеге асуда. Мемлекет басшысының бұл сөзі біз сияқты жастарға талмай жұмыс жасауға тың серпін берді. «Асыл – тастан, ақыл – жастан» деп дана халқымыз тегін айтпаса керек.

Халқымыздың түп-тамыры ауыл болған соң, ең бірінші ауыл үшін қызмет жасау – менің азаматтық парызым. «Ауылым – алтын бесігім» – деген қасиетті сөз әрдайым менің жүрегімде.

• Мал шаруашылығын дамыту, мал тұқымын асылдандыру, ауылшаруашылық өнімдерін өңдеуге қол жеткізу;

• Жұмыссыздықты азайту мақсатында бағдарламалар бойынша мемлекет тарапынан жеңілдікпен берілетін несиелер мен жәрдемақыларды алып, тұрғындардың өз кәсіптерін ашуына, қайтадан кәсіби білім алып жұмысқа орналасуына, тұрғындардың әлеуметтік жағынан аз қорғалған тобына мемлекет тарапынан берілетін жәрдемақыларды алуына ықпал жасау;

• Ауылдық округте кәсіпкерліктің дамуына жағдай жасау, жаңа инвестициялық жобаларды дайындауды, тұрғындардың негізгі кәсібі ауыл шаруашылығы болғандықтан мал басын көбейтіп және оның сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік бағдарламалар бойынша және басқа да қаржы несие институттарынан берілетін жеңілдетілген несиелер алуын, мал басын асылдандыру жұмыстарын ұйымдастыру;

• Округтегі автомобиль жолдарын қалыпты жағдайда ұстауға, жолдарға ағымдағы жөндеу жұмыстарын жасауға, көшелерді жарықтандыруды қолға алу;

• Ауыл тұрғындарының денсаулығын нығайтуға байланысты дәрігерлік қызметті күшейтудің және дәріхана, ветеринариялық дәріхана пункттерін ашудың жолдарын іздестіру;

• Ауыл тұрғындарының денсаулығын нығайтуға байланысты дәрігерлік қызметті күшейту және дәріхана ашу мүмкіндіктерін қарастыруға;

• Мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту, оқушылардың білім сапасын арттыруға;

• Ауылдық округке «Дипломмен ауылға» бағдарламасы арқылы мамандар тарту;

• Округ бойынша байланыс жүйесінің сапасын арттыруға, елді мекендердің байланыс, интернет жүйесімен толыққанды қамтамасыз етілуіне үлесімді қосатын боламын;

• Белсенді ауыл тұрғындарының, оның ішінде жастардың жеке кәсіп ашуына, кәсіпкерлікті қолдауға;

• Жолдың сапалы ағымдағы жөндеуден және ауыл ішкілік жолдарды жөндеуден өткізуге;

• Елді мекендерді көгалдандыру, ағаш егу, абаттандыру жұмыстарын жетілдіру;

• Ауыл адамдарының рухани және мәдени өмірлерінің жан-жақты болып, саламатты өмір салтын насихаттайтын кешенді іс-шаралар ұйымдастырылу бағытында жұмыстар жүргізетін боламын.

Сіздердің алдарыңызда өзімнің сайлауалды бағдарламамды ұсынып, округ әкімі лауазымына үміткер ретінде алдағы сайлауға түсу мен үшін үлкен жауапкершілік деп түсінемін. Дана халқымызда «Жақсыдан әкім қойсаң елді түзетер, қамқор боп елі тұрған жерді күзетер» деген сөз бар. Егер де сайлау барысында Сіздердің қолдауларыңызға ие болып жатсам, әкім болып халқыма, жақын болып жұмыс жасау, дамыту маған арқаланған үлкен жүк деп білемін.

(Материалдың жариялану ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді).

## Ақтоғай ауданы, Жидебай ауылдық округі әкіміне үміткерлердің сайлауалды бағдарламалары

### Ақтоғай ауданы, Жидебай ауылдық округі әкіміне үміткер Смагулов Нурбол Нурмбековичтің сайлауалды бағдарламасы



Смагулов Нурбол Нурмбекович Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылында 1980 жылдың 18 наурызында дүниеге келген. Жоғары білімді. Еңбек жолы 2001-2003 жылдары Ақтоғай селосында ЖШС «Энергия» мекемесінде электрконтролер болып бастаған. 2005-2006 жылдары Балқаш қалалық сотының бас маманы, сот отырысының хатшысы, 2006-2013 жылдары Қарағанды облысы Соттар Әкімшісі Ақтоғай аумақтық сот орындаушылар бөлімінің сот орындаушысы болып қызмет атқарған. 2014-2017 жылдары Ақтоғай ауданы әкімі аппаратының көмелетке жасы толмағандар жөніндегі инспекторы, кадр қызметі бөлімінің бас маманы, 2017 жылдың 8 тамызынан бастап Ақтоғай ауданы әкімі аппаратында кадр қызметі бөлімінің басшысы болып қызмет атқарады. Отбасылы.

#### Құрметті сайлаушылар!

Сайлаушылар маған сенім білдірген жағдайда, Қазақстан Республикасының заңдылықтарын сақтай отырып, Жидебай ауылдық округінде мемлекет жүргізіп отырған саясатқа сәйкес халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларының оңалуына өз күш-жігерімді жұмсаймын.

- Заңда бекітілген тәртіп бойынша округ тұрғындарының мүддесін қорғап, олардың талап-тілектерін жүзеге асыру;
- Бюджет қаржысының тиімді, мақсатты түрде жұмсалуды қамтамасыз ету;
- Мемлекеттік бағдарламалардың барлық артықшылықтарын пайдалана отырып, ауылдық округтің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту;
- Ауылшаруашылығын дамытуға мемлекет тарапынан берілетін барлық жеңілдіктермен қаржылай қолдауға шаруа қожалықтарының толыққанды

қолжетімділігін қамтамасыз ету;

- Ауылшаруашылығы тауар өндірушілерді ауылшаруашылық жаңа техникалармен қамтамасыз ету, әр шаруа қожалықтардың жаңа жобаларын енгізулерін бағыттау жұмыстарын ұйымдастыру;
- Мал басын асылдандыру, бордақылау бағыттарында атқарылатын іс-шараларға ұйымдастыру;
- Көпжылдық шөптерді егу арқылы ең алдымен тозған жерлерді қалпына келтіру және ауылдық округ көлемінде игерілмей жатқан егістік жерлерді айналымға қайта енгізу. Жем-шөп базасын нығайту;
- Өңірге инвестиция тарту жұмыстарын жүргізу, инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу;
- Ауылдық округ тұрғындары үшін азық-түлік өнімдерін төмендетілген бағамен жеткізуді ұйымдастыру;
- Жұмыссыздар санын азайту бойынша жұмыстарын жүргізу;
- Шағын және орта бизнесті қолдау арқылы жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етіп, жұмыссыздықтың деңгейін төмендету бағытындағы жұмысты жандандыру;
- Электр қуатын беру сапасын жақсарту, тозған электр желілерін айырбастау бойынша жұмыстар жүргізу. Жел күшімен және күн көзінен өндіретін қондырғыларды ауылдық округ аумағында кеңінен насихаттау және енгізу. Осы қондырғылар арқылы шаруа қожалықтарын электр қуатымен жабдықтау жұмыстарын жүргізу. Үнемдеу технологиясын енгізуге бағытталған кешенді жоспарын әзірлеу және іске асыру.
- Тұрғындарға сапалы медициналық көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастыру. Азаматтардың сапалы медициналық емделуіне және ана мен бала денсаулығын сақтауда қолдау жасау;
- Зейнеткерлер мен мүгедектердің, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасылардың, аналар мен балалардың мүдделерін қорғауға бағытталған әлеуметтік кепілдіктерді пайдалануға жағдай жасау;
- Жастар арасында саламатты өмір салтын насихаттау, осыған орай ауылдық округте спорт түрлерін жандандыруға жан-жақты көмектесу, спорт және аула клубтарын ашу;
- «Жастар – біздің болашағымыз» деген қағиданы басшылыққа ала отырып, жастар арасында патриотизмді насихаттау, жастарды тәрбиелеу ісіне тұрақты көңіл бөлу. Балалар мен жастардың спортпен шұғылдануына жағдай туғызу және ұдайы қамқорлық жасау;

(Материалдың жариялану ақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленді).

#### \* Салауатты өмір салты

## Нашақорлық – қоғамның қасіреті

Нашақорлық – есірткі заттарына палатологиялық құмарлық. Нашақорлық – бүкіл қоғамның қасіреті, болашағымызға қауіп төндіріп тұрған індет. Нашақорлыққа көбінесе жасөспірімдер, жас буын шалдығады.

Балалар мен жасөспірімдердің нашақорлыққа салынуының негізгі себептерінің арасында бірінші орындардың бірі отбасындағы келеңсіз көріністер, ата-аналардың спирттік ішімдіктерге немесе нашақорлыққа салынуы, өмір сүру деңгейінің төмендігі, жанұя мүшелері арасында көтеріңкі көңіл-күй қатынастарының болмауы, жанұядағы жиі жанжалдар, бала тәрбиесіне салғырт қарау, психоактивті заттарға оңай қол жеткізу, жасөспірімдердің бос уақытын өткізу мен қолы бос болмауының нақты бағдарламасының жоқтығы сияқты әлеуметтік факторлар үлесінде. Жиі жағдайларда есірткілер қоғамдық орындарда: мектептерде, дискотекаларда, кафелерде, көшелерде, саябақтарда, есірткілерді таратушылар мен сатушылардың пәтерлерінде алынады.

Нашақорлықтың адам өміріне тигізер әсері өзімізге белгілі. Онымен айналысқаннан кейін бұзақылық жасау, қорлық көрсету т.б жасауға итермелейді. Адам денесі қалжырап, көзі бұлдырап, өмірге не үшін келгені, не үшін жүргені беймәлім болады. Сондықтан да есірткіге тәуелді адамдар өсіресе жастар өз өмірлеріне балта шабады.

Нашақорлық қоғам дерті. Нашақорлықпен күресуге жалғыз адамның шамасы келмейді. Бұл жерде заң сақшылары, нарколог мамандар, ата-аналар және сіздер мен біздер әрбір Қазақстан азаматы шетте қалмау керек.



Сонымен қатар, қазіргі кездегі ең өзекті және өткір мәселелердің бірі – синтетикалық есірткінің таралу проблемасы. Есірткі нарығының синтетикалық есірткілермен және жаңа психоактивті заттармен толығы жаһандық және жалпы әлемдік ауқымға ие болып отыр.

Бұл мәселе Президентіміздің жеке бақылауына алынып, 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында айтылған, сондай-ақ, сайлауалды платформаға енгізілгеннен кейін елімізде синтетикалық

есірткінің таралуына қарсы іс-қимыл бойынша жүйелі жұмыс жүре бастады.

Мәселен, қабылданған заңнамалық нормалардың арқасында қазірдің өзінде Қазақстандағы синтетикалық есірткінің барлық белгілі түрлері (1 мыңнан астам) бақылауға алынды.

2019-2023 жылдар аралығында есірткілердің тізімі 4 рет толықтырылып, жалпы саны 145 затқа жеткен. Соңғы рет ағымдағы жылдың 14 наурызында толықтырылды (27 зат енгізілді).

Сонымен қатар, есірткі таратқаны үшін жауапкершілікті қатайту шаралары қабылданды.

2020 жылы есірткіні тұтынуға бейімдеу және интернет арқылы тарату ауыр және аса ауыр қылмыстар санатына жатқызылды (жазаның түрі – 5 жылдан өмір бойына бас бостандығынан

айыруға дейін).

Қылмыстың жаңа құрамына есірткінің жарнамалау және насихаттау енгізілді, оған «граффити-суреттерді» және есірткінің заңсыз айналымы туралы өзге де ақпаратты таратушылар жатады.

2021 жылы «синтетика» заттардың ауыр түрлеріне теңестірілді, оны сақтағаны үшін қылмыстық жауапкершілік 1 грамнан басталады (бұрын 50 г).

Шешуді қажет ететін тағы бір проблема интернет желісін есірткі сатуда кеңінен қолдану болып табылады.

Елімізде, интернет желісі, оның ішінде қылмыскерлердің қолданатын әртүрлі сайттарымен сілтемелерін бұғаттаумен айналысатын «Кибернадзор» жүйесі жұмыс жасауда.

Сонымен қатар, қазіргі таңда белең алып отырған тағы бір қиындық, арам пиғылдылардың есірткі және синтетикалық заттарды таратуда тығу (закладчик) әдісін пайдалануы. Бұл жерде ұйымдастырушы тікелей таратушымен және сатып алушымен байланысқа түспейді, тек интернет желісі арқылы хат алмасады. Көбіне құқық қорғау органдарымен, есірткі және синтетикалық заттарды тығушылар және тығылған жерден алушылар ұсталып жатады. Ал жоғарғы жақта ұйымдастырушылар қылмыстық жазадан құтылып кетіп жатады.

Аудандық полиция бөлімі.

# Ауылыңда қартың болса, жазып қойған жатпен тең

Қазақ халқы үлкенге құрмет көрсетуді тәрбиенің негізі деп біліп, ақсақалдың керек-жарағын әзірлеп, оның қызметіне жарап, батасын алуды ерекше құрмет тұтқаны белгілі. Бұл бізге қанмен келген қасиет десек артық айтқандығымыз емес. Иә, «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деген. Тәуелсіз еліміздің осыншалықты дамып, әлем елдері арасынан өзінің орнын белгілеп, дамыған 50 елдің қатарына енуіне кешегі өткен бабаларымыз бен бүгін де елдің ортасында жүрген алдыңғы буын ағаларымыздың еңбектері еселі. Осынау елдің тыныштығы мен тұтастығының, бірлігі мен берекесінің сақталуына ардагерлеріміз өз үлестерін қоса береді деп сенеміз.



**Шежірелі қарттар** – сарқылмас тәрбиенің қайнар бастауы десек, жас буынға айтары, өнегелі ісі бар жанның бірі – қуаныштық Серік Айтжанов ақсақал.

Ол 1940 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданына қарасты Қуаныш елді мекенінде дүниеге келген. 1948 жылы аудан орталығындағы М.Горький атындағы орта мектебіне оқуға түседі. Он жылдықты осы мектептен 1958 жылы ойдағыдай бітіріп шығады. Сол жылы Балқаш қаласынан шоферлық курсты тәмамдайды. «Ұяда не көрсең, ұшиқанда соны ілесің» демекші шаруа отбасында дүниеге келген, қайнаған еңбек ордасында өсіп жетілген кейіпкеріміз де өмірлік мамандық ретінде ауыл шаруашылығы саласын таңдады. Сөйтіп, алғашқы еңбек жолын туған ауылы Қуаныш колхозында шопыр болып бастайды. 1963 жылдан бастап 1973 жылға

дейін темір тұлпар тізгіндеген Серік ата 1974 жылға дейін Қуаныш ауылында тракторшылар бригадирі, мұнан соң 1979 жылға дейін ферма меңгерушісі болды.

**Жастық жылдары** ел өміріндегі түрлі төңкеріске тұспа-тұс келіп, шарықтай шыңдалып, еңбекпен етене өскен азамат ауыл шаруашылығы саласында тынбай тер төкті. Әрдайым үздік еңбекшілер қатарынан көрініп, келе-келе майталман маман атанды. Ерен еңбегі лайықты бағаланып, кеудесі орден-медальға толды. Жеткен жетістіктері қаншалықты мол, зор болса, болмысы сондай қарапайым жан.

–**Қаратал совхозында** ферма меңгерушісі болып қызмет атқарған уақытында ферманың мал басын көбейтуде, экономикасын көтерудегі еңбегім ескерусіз қалмады. Совхоз партия комитеті, совхоз дирекциясы жоғары бағалап, аудандық пар-

тия комитетіне жолдап, мені және ферманы аудандық Құрмет грамотасымен, Алғыс хатымен марапаттады. Бұдан кейін Еңбек совхозында ферма меңгерушісі болдым. 1995 жылдары Кеңес үкіметі құлап, ықылым заманнан қазақтың қарашаңырағы саналған ауыл талай «тар жолда тайғақ кешіті». Нарық кезеңіндегі өтпелі уақыт біраз ауылдың шаңырағын шайқалтты. Ел үкіметтен үлесін техника, малмен алды. Құнсыздану үрдісі үздіксіз жүріп жатты. Әрине, бұл алыпсатарлар үшін тиімді де болды. Бұл жайттар қазіргі өскелең ұрпақ үшін аңыз іспеттес. Бірақ дәл осындай уақыттардың болғаны шындық. Сол кездері барынан айырылған ауылдың жағдайы аянышты еді. Тіпті ірі ауылдар сатылып, бірнеше басқарушыларға берілді. Қаншама техника, мал-мүлік ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті. Аумалы төкпелі, уақытта ауыл үлкендерін жинап кеңес құрып, ги-мараттардың жеке меншікке беруге болмайды, ертең заман түзеледі, елді мекеніміз қайта гүлдеп, жабылған мекемелер қайта ашылатынын үміт етіп сақтап қалдық. Ұлт болып ұйысып, елдіктің туын тіктеген ерте заманнан-ақ сөз қадірін түсініп, ел бірлігін биік ұстаған татулық пен тұрақтылықты ту еткен елдің ұрпағымыз гоі. Ауылдың ақылман ақсақалдарының ұжым бірлігінің, көрегендігінің арқасында ауылымыз сол қалпында сақталды. Үйлер бұзылған жоқ. Бір жақсылықтың боларын іші сезген халықтың басым көпшілігі ауылда тұрақтап қалды. Шүкір, бүгінде ауыл, аймағымыз

тәуелсіздікпен қайта түледі. «Ауыл жылымен» басталған жақсы леп «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасына ұласты. «Ақ бұлақ» ауыз су бағдарламасы аясында тұрғындар таза ауыз сумен қамтамасыз етілді. Осы орайда, «Дипломмен ауылға» бағдарламасы да ауылдың әлеуметтік әлеуетінің жақсаруына едәуір ықпал етіп келеді. Ауыл шаруашылығын қолдауға арналған бағдарламалар сай-саланы малға толтырып қана қоймай, ауыл халқының санын да арттырды. Баяғы базары оралмаса да, ауылдың тамырына қан жүргірді. Дана халқымыз «Байлық байлық емес, бірлік – байлық» деп бекер айтпаса керек. «Ынтымақ жүрген жерде – ырыс жүреді» демекші лайым татулығымыз бен ынтымағымыз жарасып, Жаратқан өзі жар болғай!– дейді Серік ата.

«Еңбек – ерлікке жеткізер, ерлік – елдікке жеткізер» деген. Сандаған жылдар торабында төскейі төрт түлікке толып, алтынмен көмкерілген алқапта үздіксіз еңбек көрігін қыздырып, қамбаға тонналап астық құйып, әке дәстүрін сәтімен жалғастырған жасампаз жан, Серік Айтжанов болса, бүгінде құрметті еңбек демалысында. Көп жылғы қызметінің жемісін терген мәуелі бәйтеректей, ауыл-аймақ, бала-шағасының ортасында бақуатты тіршілік кешіп жатыр. Жүрген жерінде сыйлы, құрметті, беделді. Төккен тер, шеккен бейнетінің нәтижесін көргеніне шүкіршілік етіп, іштей тәубе айтып отырады.

**А.Елеусізова,**  
**Қарамеңде би ауылдық округі,**  
**Қуаныш ауылы.**

## Заңсыз қоқысқа жаза – қатаң

Белгілі бір мекеннің тазалығы – сол жердің өркениеті мен мәдениеттілігінің айнасы. Әлемдегі күрделі экологиялық жағдай бүгінгі күннің өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Адам баласының шаруашылықтағы кез келген әрекетінен шыққан әртүрлі қалдықтар биосфераны ластауда. Бұл халықтың денсаулығы мен өміріне қауіп-қатер тудырып, флора мен фауна түрлерінің азаюына, қоршаған ортадағы тепе-теңдіктің бұзылуына әсер етуде. Қоқыс қалдықтары – қоршаған ортаны ластайтын көздердің бірі. Жер бетіндегі зиянды заттардың жинақталған массасы топырақ жамылғысына, өсімдіктерге, жерүсті және жерасты суларына жағымсыз әсерін тигізеді. Таяуда Шашубай кенті әкімдігі, Шашубай кенті полиция бөлімшесі және Қарағанды облысы бойынша экология департаменті РММ өкілдерінен құралған арнайы топ рұқсат етілмеген жерлердегі қоқыс үйінділері бойынша, жедел шара қолдану мақсатында тексеріс жұмыстарын жүргізді.

Рұқсат етілмеген қоқыс үйінділері фактісі тіркеліп, учаскелік полиция инспекторлары қалдықтардың пайда болуы және шығуын анықтау жұмыстарын бастады. Құқық бұзушылар анықталған жағдайда ӘҚБтК-нің

505 бабына (қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бұзу, сондай-ақ қалалар мен елді мекендер инфрақұрылымы объектілерін бұзу, жасыл



екпелерін жою және бүлдіру) сәйкес әкімшілік айыппұл салынатын болады.

–Жеке тұлғаларға – 20, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 30, орта кәсіпкерлік субъектілеріне

– 40, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне - 100 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер – жеке тұлғаларға – 30, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – 40, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 50, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 300 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Құқық бұзушылықтар анықталған жағдайда (қоқыс, тұрмыстық қалдықтар анықталмаған жерлерге шығарылған жағдайда және т.б.) тұрғындардан бейнеге, суретке түсіріп (бұзушылық анықталған күні мен орнын көрсете отырып) учаскелік инспектордың WhatsApp мессенджеріне жіберуді сұраймыз (+ 7 702 522 0465). Барлық тұрғындардан, кент қонақтарынан «Қарағанды облысының қалалары мен елді мекендерін абаттандыру Қағидаларын» және «Қазақстан Республикасы экология кодексінің» сақтау сұралады, – дейді кент әкімі Нариман Мангишев. Тазалық, ең алдымен, халық үшін керек. Сондықтан, әрбір тұрғын тазалықты сақтаудың қажеттігін сезінгені абзал.

**С.Байғұтанов,**  
**Шашубай кенті.**

## Этносаралық келісім – ел тұрақтылығының кепілі

Этносаралық келісімнің қазақстандық моделінде мемлекеттік тіл көпұлтты қоғам бірлігінің көрсеткішінде рухани әрі психологиялық тұрғыда маңызды рөл атқарады. Мемлекеттік тілді меңгеру арқылы қазақ жерінде өмір сүретін барлық этностар өзін тұтас Қазақстан қоғамының құрамдас бір бөлігі болуға рухани тұрғыда дайын екендіктерін, болашағы Қазақстан халқымен етене байланысты екенін көрсетеді. Сол себепті де, болашағын Қазақстан халқымен тығыз байланыстыруға деген ұмтылыстың шынайы рухани дайындығын анықтайтын басқадай нақты әрі айқын көрсеткіштің болуы мүмкін емес.

Этносаралық және конфессияаралық ынтымақтастық, келісім мен саяси тұрақтылықты сақтау ісіне жіті көңіл бөлініп келеді. Қазақстан зайырлы мемлекет ретінде ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтарына баса мән береді. Қазақ халқы қай заманда да елдікке, соның ішінде ел берекесінің тұрақты болуына үлкен назар аударған. Сондықтан да болар, ел аузында: «Бірлік бар жерде тірлік бар», «Бірліксіз ел тозады, бірлікті ел озады» деген нақыл сөздер қалды. Бүгінгі таңда, тарихымызды қайта таразылау кезінде, бұл байлықты жоғалтуға, интернационализмнің игі дәстүрлерін жоққа шығаруға хақылы емеспіз. Олар соңғы он жыл бойында және партиялық нұсқаумен қалыптасқан жоқ. Қазақстанға бұл халықтар барлық жағдайда өз еркімен қоныстанбаған. Біздің жеріміз барлығын жылы қабылдап, мыңдаған адамдардың туған үйіне айналды. Бұл жағдайда қазақ ұлты, оның ашықтығы, ғасырлардан келе жатқан қонақжайлық және бейбіт көршілестік дәстүрлері ең шешуші рөл

атқарды. Бірлескен еңбек, аға ұрпақтың басына түскен ауыртпашылықты енсеру, күнделікті тұрмыстық тіршілік пен мерекелер арқылы республика халықтарының қазіргі келбетін таныстыратын өзіндік ортақ дүниесі қалыптасты, тарих пен тағдыр ортақтығы жағдайында қазақстандық ортақ мәдениет пен бауырластық ұстаным қалыптасқандығын айтып, ел бірлігінің тұғырнамасын анықтап берді. Барлық этностарды бодандықтан енді арылған қазақ халқының ұлттық санасының жаңғыру үрдісіне түсіністікпен қарауға да шақырды. Мәселенің өз деңгейінде шешімін табуы үшін билік пен азаматтық қоғамның өзара іс-әрекетін қалыптастырудың тиімді тетіктерін қарастырды. Ұлтаралық келісім мен татулық мәселелері елдің ішкі бірлігі жайындағы мәселелер. Бұл қазақ ұлтының біріктіруші рөлі негізінде барлық халықтардың тепе-теңдігі қамтамасыз ету болып табылады. Бұл қазақ ұлтының біріктіруші рөлі негізінде барлық халықтардың тепе-теңдігін қамтамасыз болып табылады.

Қазіргі және келешек ұрпақтың басты міндеті – бір-біріне деген ықыласты қатынастар, төзімділік және көпұлттылық кемшілік емес, керісінше, мемлекеттің артықшылығы болып табылатын Қазақстан территориясында өмір сүріп жатқан әрбір халықтың тілі мен мәдениетін құрметтеу арқылы осы бейбітшілікті аялау және сақтап қалу болып табылады.

С.Сыздықов,  
Ақтоғай аудандық ардагерлер кеңесінің  
торағасы.

\* Халық үніне құлақ асатын мемлекет

## Ауыл көшелері жарықтандырылды

Аудан және ауыл әкімдерінің халықпен есептік кездесулерінде, ауыл тіршілігі мен тұрмысына қатысты басқа да түрлі жиындарда



тұрғындар тарапынан жиі көтерілетін тақырыптың бірі – көшелерді жарықтандыру мәселесі. Көшелердің бойына орнатылған жарықтандыру шамдары ауызсу, жол және байланыс салалары секілді ауыл мәдениеті мен

көркінің ажырамас бөлігі болып есептеледі. Жарық жүйесі тіптен іңір қараңғылығы түскенде іске қосылып, жолаушыға, әсіресе, мектептен қайтқан оқушыларға табан жолын көрсетіп қана қоймай, түнгі уақытта адамдар қауіпсіздігіне де қорған болады.

Осы ретте Ақтоғай ауданына қарасты Қошқар ауылындағы «Жеңіс» көшесі және көшеаралық жолдар бойына 20 дана көше жарықтары орнатылды. Сонымен қатар «Мәдениет» көшесі тұрғындарына жаңадан КТП-250кВА пайдалануға берілді. Мердігер ЖК «Бейсембаев.М» бұл жұмысты сапалы әрі уақытында атқарды. Ауыл әкімінің айтуынша тұрғындар қауіпсіздігін сақтау мақсатында келесі жылы да осы жұмыстар жалғасын табатын болады.

–Осынау игі іс күз, қыс мезгілінде қараңғы уақытта мектептен қайтатын оқушылардың қауіпсіздігіне алаңдайтын ата-аналар үшін қуанышты жаңалық болды. Көше жарығы - кез келген ауылдың бет-бейнесін көрсетеді. Мемлекеттік бағдарламалардың нәтижесінде өңірімізде ауқымды жұмыстар атқарылуда. Әсіресе, инфрақұрылымды дамыту, оның ішінде көшелерді жарықтандыру, электр желілерін жаңғырту сынды жұмыстар жүйелі жүзеге асырылып келеді. Көше жарықшамдарын орнату тұрғындардың түнгі уақыттарда қауіпсіз жүріп тұруына, өкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуда маңызы орасан, – дейді, ауыл әкімі Д.Мұқатай.

Қ.Қажықарымов,  
Құсақ ауылы.

## Қазақстандағы заманауи исламдық діни білім беру жүйесінің мәні мен бағыттары

Қазақстандағы ислами білім беру жүйесінің ерте орта ғасырлардан басталған мың жылдан аса тарихы мен тәжірибесі бар. Мұның басты себебі тілдік фактордың әсері болып табылады. Діни мәтіндердің мағыналық ерекшелігі мен көп қабаттылығы да араб тілін жетік игеруді міндеттеді. Осыған орай араб тілінің фонетикасын, морфологиясын мен синтаксисін арнайы пәндер арқылы игеру қажеттілігі туындады. Тіл игеруден кейінгі қиындық діни мәтіндер мен ілімдерді барлық қосымша пәндермен қоса оқып-үйренумен байланысты болды. Бұл Құран ілімдері мен шариғат ғылымдарының екі үлкен сала ретінде қалыптасып, дербес оқытылуына негіз қалады. Осының барлығы араб тілі мен ислам дінінің негіздерін толығымен қамтып, жүйелендірген білім ордасы – медреселердің қалыптасуына алып келді.

Қазір еліміздегі ислами білім беру жүйесі үш деңгейде қызмет атқарады: 1. Діни сауат ашу курстары 2. Медреселер 3. Университет.

Ислами білім берудің бастауыш деңгейі – діни сауат ашу курстары жетілдіру мақсатындағы бірқатар өзгерістерді қажет етеді. Өйткені, діни сауат ашу курстары көпшілік арасындағы ислами ағартушылық жұмыстарын жүйелі түрде және кең көлемде жетілдіруге мүмкіндік беретін басты тетік болып табылады. Бірақ, діни сауат ашу курстарының басты кемшіліктерінің бірі – шәкірттерге ешқандай жауапкершілік жүктемейтіні, сондықтан курс шәкірттерінің оқу үдерісін кез келген уақытта үзіп, тастап кетуі жиі кездеседі.

Медреселер. Медреселердегі жалпыға бірдей зайырлы оқу пәндерін жүргізуді мемлекет тарапынан қамтамасыз етуге, медреселер ұстаздарының зайырлы білімін жетілдіру бағытында жоғарғы оқу орындарында арнайы курстарды ұйымдастыруға қолдау көрсету жөнінде құзырлы органдарға ұсыныс беріп, ынтымақтастық шараларын қарастырған жөн. Сонымен қатар медреселер мен зайырлы жоғарғы оқу орындары арасындағы байланыстарды тереңдетіп, бірлескен мәдени-танымдық шаралар мен пікірсайыстар ұйымдастыру, ғылыми жобаларды жүзеге асыру медреселер шәкірттерінің зияткерлік (интеллектуалдық) деңгейін арттыруға септігін тигізеді анық.

Дінтанулық білім. Діни және дінтанулық білім базалық пәндері мен бағыттылығы жөнінен бір-бірінен ажыратылғанымен, түпкі мақсаты бір. Ол – дін туралы түсінікті дұрыс қалыптастыруға, шетін көзқарастардан сақ болуға, өзге діндер мен сенімдерге құрметпен қарауға, дәстүрлі рухани құндылықтарды қадірлеуге, «имандылық» ұғымын дұрыс түсінуге және бағалай білуге жетелеу. Сондықтан заман талабына сәйкес діни және дінтанулық білімнің өзара тиімді түрде игі мақсатқа қызмет етуінің жан-жақты мүмкіндіктерін жете қарастырған жөн.

Е.Қапас,  
Ақтоғай аудандық мешітінің бас имамы.

### Еске алу

Ақтоғай ауылының тұмасы, алғаш қолымызға қалам ұстатқан ұстазымыз **Ғабдуллина Бақытжан Мейрамқызының** өмірден өткеніне қырық күн толды.



Әрқайсымыздың еркелігімізді көтеріп, әрқайсымызға жеке көңіл бөлген, екінші анамыздай болған ұстазымызды сағынышпен еске аламыз. Ол кісінің жұмсақ жүрегі, майда үні, сүйкімді жүзі есімізде мәңгі сақталады. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

Ұстазсыз сіз жүректерге гүл еккен,  
Адалдықты көкіректе түлеткен.  
Сіздің биік рухыңызға бас иіп,  
Еске аламыз сағынышты жүрекпен.

Еске алушылар: 2022 жылғы бастауыш сынып түлектері.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Тасарал соль» ЖШС «Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы Ексор ас тұзы кен орнындағы тау-кен жұмыстарының Жоспары (түзету)» жобасы бойынша әсер етуге экологиялық рұқсат алуға өтінімге материалдары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды («Қоршаған ортаны қорғау» Бөлімі (ҚОҚБ), Жол берілетін шығарындылар нормативтері (ЖБШН), Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭББ), Қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББ), Табиғат қорғау іс-шараларының жоспары (ТҚШЖ)).

Қоғамдық тыңдаулар 2023 жылғы 19 желтоқсанда сағат 11:00-де Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Тасарал а.о., Тасарал а., Ағыбай батыр көш., 11 (әкімдік ғимараты) мекенжайы бойынша өтеді.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/9307278401?pwd=eVFbdVM3aVNZVTZQdHU2M2tiTVR6QT09>. Конференция идентификаторы: 930 727 8401. Пароль: iX4Wgb.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Тасарал соль» ЖШС, ҚР, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Тасарал ауылы, Орталық көш., 13 үй. БСН: 171040010845. Директоры: Жолдыбаев Д.Н. Байланыстар: тел 8 (702) 846-61-41, e-mail: [tasaral\\_salt@gmail.com](mailto:tasaral_salt@gmail.com).

Әзерлеуші: «Сарыарқа экология» ЖШС, ҚР, Қарағанды к., Қазыбек би атындағы ауданы, Әлиханов көш., 14Б. БСН: 150640024474. Өкілі: Матвеева О.В. Байланыстар: 8 (747) 162-04-65, e-mail: [olga\\_m\\_2008@inbox.ru](mailto:olga_m_2008@inbox.ru).

Қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен <https://ecorportal.kz> сайттарда «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Жобалық материалдар бойынша қосымша ақпаратты 8 (747) 162-04-65 телефондары арқылы сұрауға болады, e-mail: [olga\\_m\\_2008@inbox.ru](mailto:olga_m_2008@inbox.ru).

Ескертулер мен ұсыныстарды «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу Басқармасы» ММ келесі мекенжайлар бойынша қабылдайды: [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru) және Қарағанды к., Лобода к., 20. Байланыстар: 8 (7212) 56-81-66.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Тасарал соль» объявляет о проведении общественных слушаний по материалам к заявке на получение экологического разрешения навоздействие по проекту «План горных работ на месторождении поваренной соли Ексор в Ақтоғайском районе Карагандинской области (корректировка)» (Раздел «Охрана окружающей среды» (РООС), Нормативы допустимых выбросов (НДВ), Программа производственного экологического контроля (ППЭК), Программа управления отходами (ПУО), План природоохранных мероприятий (ППМ)).

Общественные слушания состоятся: 19 декабря 2023 года в 11:00, по адресу: Карагандинская область, Ақтоғайский район, Тасаралский с.о., с. Тасарал, ул. Ағыбай Батыра, 11 (здание Акимата).

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom: <https://us05web.zoom.us/j/9307278401?pwd=eVFbdVM3aVNZVTZQdHU2M2tiTVR6QT09>. Идентификатор конференции: 930 727 8401. Пароль: iX4Wgb.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Тасарал соль», РК, Карагандинская область, Ақтоғайский район, село Тасарал, ул. Орталық, д. 13. БИН: 171040010845. Директор: Жолдыбаев Д.Н. Контакты: тел 8 (702) 846-61-41, e-mail: [tasaral\\_salt@gmail.com](mailto:tasaral_salt@gmail.com).

.Разработчик: ТОО «Сарыарқа экология», РК, г. Караганда, район им. Казыбек би, ул. Алиханова, 14Б. БИН: 150640024474. Представитель: Матвеева О.В. Контакты: тел 8 (747) 162-04-65, e-mail: [olga\\_m\\_2008@inbox.ru](mailto:olga_m_2008@inbox.ru).

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте <https://ecorportal.kz> в разделе «Опубликованные слушания» и <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию по проектным материалам можно запросить по тел 8 (747) 162-04-65, [olga\\_m\\_2008@inbox.ru](mailto:olga_m_2008@inbox.ru).

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» по адресам: [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru) и г. Караганда, ул. Лободы, 20. Контакты: 8 (7212) 56-81-66.

АБ

## Құттықтаймыз!



Құрметті әріптесіміз  
**Әбілдина Бактыгүл  
Әбілханқызы!**

Сізді 60 жасқа толған мерейіңізбен шын жүректен құттықтаймыз.

Асқаралы жастың думаны мен қызығы сізді бақыт пен шаттыққа бөлеп, әрбір күн жанға шуақ сыйлар қуаныш әкелсін. Денсаулығыңыз мықты, өмір жасыңыз ұзақ болсын. Немерелеріңіздің қызығына кенеліп, ортасында ақ жаулықты әже болып жүре беріңіз. Көңіліңіз мәңгі көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей еркін жүзе беріңіз. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған асуларыңызды ала беріңіз.

60 жас құтты болсын, мерекеніз,  
Мұхиттай шалқи берсін берекеніз.  
Аман боп отбасыңыз, бақыт орнап,  
Кенейсін қанат жайып керегеніз.

**Ақ тілекпен: интернет ұжымы.**

## Құттықтаймыз!

Құрметті құдағиымыз  
**Раушан!**

Сізді адам өмірінің айтулы белесі – зейнеткерлікке шыққан мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Еңбегіңіз еленіп, құрметті демалысқа шыққан қуанышты күніңіз құтты болсын. Сіз талантты, өз мамандығын жете меңгерген, өнегелі еңбегіңізбен, қарапайым да парасатты мінезіңізбен абырой-беделге ие болған аяулы ұстазсыз.

Өміріңіз қашан да көктемдей жарқын, жаздай жылы әрі жаймашуақ болсын. Сізге ақ ниетпен қартаймас жайдары көңіл, мәнді де мағыналы өмір, сарқылмас қуат тілейміз. Көңіліңіз шаттық пен қуанышқа, жанұяңыз бақ пен берекеге толсын. Құда-жекжат, ағайын-туыстың құрметіне бөленіп ұл-қыздарыңыздың, немерелеріңіздің қызығына тоймай ұзақ ғұмыр кешіңіз.

**Игі тілекпен: құда-құдағиыңыз –  
Қанат-Мағираш, Қайрат-Рауана, Нұрлан-Шолпан, Максат-Зарина, Тілек.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Уштоган» ЖШС 2023 жылғы 17 қарашада «Қарағанды облысының Ақтоғай ауданы Кежеск а/о аумағында орналасқан мемлекеттік орман қоры жерлерінің санатынан басқа санаттағы жерлерге ауыстыру» тақырыбы бойынша қоғамдық талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Жария талқылаудың бастамашысы: «Уштоган» ЖШС, Алматы қаласы, Панфилов көшесі, 158, 1 кеңсе. Тел: +7 (727) 272 31 49, +7 (777) 017 70 27, email: [elena@sarytogangraphite.com](mailto:elena@sarytogangraphite.com), БСН 140 840 011 001.

Әзірлеуші: «Центргеолсъемка» ЖШС, БСН: 150140011463, Қарағанды қаласы, Свободный көшесі, 9 үй, тел: 8 (7212) 418588, email: [zaocgs@mail.ru](mailto:zaocgs@mail.ru).

2023 жылғы 17 қарашадан бастап 20 жұмыс күні ішінде ескертулер мен ұсыныстар беру үшін құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда <https://ecorportal.kz/> «жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде танысуға болады.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Уштоган» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений 17 ноября 2023 года, по теме «Перевод из категории земель государственного лесного фонда в земли других категорий, расположенных на территории Карагандинской области, Кежескского с/о Ақтоғайского района».

Инициатор публичных обсуждений: ТОО «Уштоган», г. Алматы, ул. Панфилова, 158, офис 1. БИН 140 840 011 001. Тел: +7 (727) 272-31-49; +7 (777) 017-70-27, email: [elena@sarytogangraphite.com](mailto:elena@sarytogangraphite.com).

Разработчик: ТОО «Центргеолсъемка», БИН: 150140011463, г. Караганда, пер. Свободный, д.9, тел: 8 (7212) 41-85-88, email: [zaocgs@mail.ru](mailto:zaocgs@mail.ru).

С пакетом документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecorportal.kz/> в разделе «Опубликованные общественные обсуждения» для представления замечаний и предложений с 17 ноября 2023 года в течение 20 рабочих дней.

АБ

## Сенім телефоны

Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінде мемлекеттік қызметкерлердің Әдеп Кодексінің, мемлекеттік қызмет туралы заңнамаларды, сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмысындағы талаптарды бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 2-16-34 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

**Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА** Жауапты хатшы: Думан Қабыл

**Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

**Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС**

**Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)**

**Газет аптасына 1 рет шығады**

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

**Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 980 дана**



**Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.**

**Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39**

**Электрондық пошта [aktogai\\_red@mail.ru](mailto:aktogai_red@mail.ru)**

**Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.**

